

"Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк багажды тасымалдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 122-І бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2009 жылғы 29 шілдедегі N 337 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 28 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5758 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушылар, жүк және жүк багажы тасымалдарын ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк багажды тасымалдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 122-І бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу N 2810 тізілімінде тіркелген) "Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк багажды тасымалдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 122-І бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің 2005 жылғы 29 сәуірдегі N 162-І бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3664 тіркелген, 2005 жылғы 15 желтоқсанда N 235-236 "Заң газетінде" және 2005 жылғы 15 желтоқсанда N 171-172 "Заң" газетінде жарияланған) және "Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк багажды тасымалдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 122-І бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушысының 2006 жылғы 21 ақпандағы N 54 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу N 4125 тізілімінде тіркелген, 2006 жылғы 7 сәуірде N 61-62 (1041-1042) "Заң газетінде" және 2006 жылғы 8 шілдеде N 28 (290) "Ресми газетте" жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк багажды тасымалдау ережесінде:

91-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"91. Қызмет көрсету құны "жайлылығы өте жоғары" вагондардың жол жүру құнына кіретін жолаушыларға көрсетілетін қызметтер кешенін ұсыну тәртібін т а с ы м а л д а у ш ы б е к і т е д і .

Жол жүру барысында бір бағытта жиырма және одан көп сағат болатын және құрамында кемінде төрт купелік вагон қатынайтын, сондай-ақ астананы республикалық маңызы бар қаламен жалғастыратын фирмалық жолаушылар поездарының, халықаралық және облысаралық қатынастағы поездардың құрамына кемінде бір вагон-мейрамхана қосылады.

Тасымалдаушы уәкілетті органмен келісім бойынша жолаушылар поездарының құрамынан вагон-мейрамханаларды алып тастайды.

Тасымалдаушы жолаушылар поездарында тамақтану қызметтерін көрсетудің тәртібі мен шарттарын "Жолаушылар поезының вагон-мейрамханасына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2987 тіркелген) талаптарына с ә й к е с б е л г і л е й д і .

Жолаушылар тасымалдаушы жүк болған жағдайда поездың құрамына жүк в а г о н ы н қ о с а д ы . "

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитеті (Б.Қ. Уандықов) мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне бұйрықтың ұсынылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Д. Көтербеков